

Семей мемлекеттік медицина университеті
«Қоғамдық денсаулық сақтау» кафедрасы

СӨЖ

**ТАҚЫРЫБЫ: ДЕНСАУЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ӨМІР
САПАСЫ. ТӘЖІРБИЕЛІК МЕДИЦИНАДАҒЫ
ДЕОНТОЛОГИЯ. ҚОҒАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҚОҒАМНЫҢ
ӨРКЕНДЕУ КӨРІНІСІ**

Орындаған: Асқарова А.

ЖМ 228 топ

Тексерген: Калбагаева Ж. Е.

Семей 2017ж

ЖОСПАР:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

2.1.1. Өмір сапасы, құрылымы

2.1.2. Медициналық деонтология

**2.1.3. Қоғам денсаулығын жақсартуға арналған
бағдарламалар**

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Өмір сапасы (life quality) – бұл индивидумның өзі өмір сүріп жатқан ортасындағы оның мақсаты, қызықтылығы, стандарттылығы және де оның мәдениет контексі мен құндылықтар жүйесіндегі орны мен қатынасы. Бұл анықтамаға қарамастан дисосиация жалғасуда. Кейбір авторлар өмір сапасын өмір сүру (тұрмыс), психоциалды атрибуттармен шектелу деп түсіндіреді. Ал кейбіреулер бұл категория мінездемесін мына көрсеткіштерден іздейді: ауру, өлім, симптомдар, болжам т.б. Ал үшіншілері өмір сапасын материалды және ішкі жан – дүниелік байлық, яғни тамақтану сапасы, өмір сүру жағдайы, киімнің сапасы, денсаулық сақтаудың сапасы деп түсінеді. Төртіншілер оны физикалық, психикалық және эмоционалды сәттілік контексі деп айтады.



Өмір түсінігі келесідей құрамдармен анықталады:

Құрылған өмір – адам және қоғам өмір сүруінің соңғы пункті болып табылады. Ол бір жағынан міндеттілік, ал екінші жағынан адамның ішкі мұқтажы (еркін еңбек, мүмкіндік, адамның шығармашылық белсенділігінің реализациясы).

Сондықтан адамның әлеуметтік еңбектік және шаруашылық табысының мінездемесі ретінде қоғамда қалыптасқан еңбекке деген қарым – қатынас, еңбекпен қанағаттандырылу, ғылыми- техникалық прогресстің деңгейін анықтауды жатқызамыз.

Тұтынушылық өмір – ол адамның материалды және ішкі жан дүниелік мұқтажықтар мөлшерін көрсетеді, яғни күнделікті өмірмен адамның қанағаттандырылуы және субактивті көрсеткіштері. Тұтынушылық өмір немесе адам мен мұқтажықтарын іске асырумен және адамның өзіндік материалды жетіспеушілікке жету және екі еселеу мүмкіншілігі.

Отбасылық өмір – (жеке, табиғи өмір) – бұл өмір мен денсаулықты сақтау және жандандыру, адамзат тұқымының шығарылуы және елдің демографиялық мінездемесі кіреді.

Социоадениттік өмір – азаматтың белсенділік пен адам құқығының сақталуы, оның әлеуметтік мұқтаждығы (әлеуметтік қауіпсіздік, құқықтық қорғанушылық, әлеуметтік қамтамасыз етілу) қанағаттандырылуы. Мұнда маңызды орында адамның білім және тәрбие алу, мәдениетті қалыптастыру қасиеттері алады.

Ішкі жан дүниелік өмір – адамның жан дүниесін, ұлт еркіндігін және дінді тануы, көптеген интеллектуалды мұқтаждықтар мен жан – дүниелік не көркемдік қасиеттерін жатқызамыз. Адамның ішкі жан – дүниелік өмірі махаббат, достық, сезім және жақсы болашаққа деген сезім, религиялық ес пен діндік тұрақтылық сұрақтары жатады. Адамның ішкі жан – дүниесі оның ішкі құлдыныстарын, жаман мен жақсыны түсіне білуді қалыптастырады.

Өмір сапасының құрылымы 3 негізгі компоненттерден тұрады:

- Өмір сүру жағдайы, яғни адамның өзіне тәуелсіз жағы (табиғи, әлеуметтік орта);
- Өмір сүру салты, субъективті, адам өзі жасайтын жақтары;
- Өмір сүру жағдайымен қанағаттануы;



Қазіргі таңда медицинада өмір сапасына көп назар аударылып отыр, сол себептен ауру және сырқат туралы көзқараста өзгеріп келеді. Соңғы жылдары терминдерге байланысты өмір сапасы пайда болады. Денсаулықпен байланысты өмір сапасын аурушаңдық пен ем көрсеткіштеріне сүйене отырып, жалпы денсаулықты құрайтын- физикалық, психикалық сауықтыруларды анықтауға көмектеседі. Біздің елде денсаулықпен байланысты өмір сапасы деген түсінік астында денсаулықтың жағдайы мен өмірлік жағдайының үйлесімділігін және физикалық, психикалық, әлеуметті жақсы өмірге алып келетін жағдайларды қарастырады. Халықаралық өмір сапасын анықтау орталығы басқаша түсінік беріп отыр. Ол өмір сапасын арудың физикалық, психикалық, эмоционалды және әлеуметті мінездемесін және субективті қабылдаушылығы ретінде қарастырады.



Адам өмірінің сапасын құратындар және критерийлер:

Физикалық

Күш, энергия, шаршағыштық, ауырсыну, дискомфорт, ұйқы, демалыс;

Психологиялық

Оң эмоциялар, ойлау, оқу, түсіну, қарау концентрациясы, өзін-өзі бағалау, сыртқы түрі, жағымсыз қобалжу;

Өз-өзін ұстау алудың дәрежесі

Күнделікті белсенділігі, жұмысқа қабілеттілігі, дәрілерге және емге тәуелділігі;

**Қоғамдық
өмір**

Жеке қарым-қатынастары, субъективтің
қоғамдық бағасы;

**Қоршаған
орта**

қауіпсіздік, үй шаруасы, қамтамасыз етілуі,
медициналық және
тұрмыстық қамтамасыз етілудің сапасы және
қол жеткізу мүмкіндігі,
ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі, оқуға және
квалификацияны көтеруге мүмкіндік,
экология (поллютанттар, шу, аймақ, климат,
т.б.);

Жан дүниесі

Діні, жеке көзқарастары.

Соңғы жылдарда өмір сапасын анықтау отандық денсаулық сақтауда кеңінен қолданылып келеді және келесідей мүмкіндіктерді іске асыруға көмектеседі:

- ✓ **Емдеу әдістерін стандартизациялау**
- ✓ **Көптеген дамыған қалаларда қабылданған халықаралық критерийлерді қолданып орындайтын жаңа емдеу әдістерін экспертизациялауда**
- ✓ **Емдеудің ерте және кеш қорытындысын ескере отырып ауру жағдайның толық индивидуалды мониторингтік қамтамасыз ету**
- ✓ **Арудың ағымы немесе соңының прогностикалық моделін ұйымдастыру**

Медициналық этика (лат. *ethica*, грек тілінен алғанда *ethice* – адамгершілікті зерделеу), немесе медициналық деонтология (греч. *deon* – парыз; «деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда), – яғни бұл – медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы. Қазіргі заманғы түсінік бойынша, медициналық этикаға келесі аспектілер кіреді:

- **ғылыми** – медициналық қызметкерлердің жұмысының этикалық және адамгершілік аспектілерін зерттейтін медициналық ғылым тарауы;
- **практикалық** – кәсіби медициналық қызмет барысында этикалық нормалар мен ережелерді қалыптастыру және қолдану міндеті болып табылатын медициналық тәжірибие саласы.

Медициналық этика үш негізгі бағыт бойынша тұлғаралық қарым-қатынастардың әртүрлі мәселелерін зерделейді және шешеді:

- ❖ медициналық қызметкер – емделуші,
- ❖ медициналық қызметкер – емделушінің туысқандары,
- ❖ медициналық қызметкер – медициналық қызметкер.



«Медбике-емделуші» арасындағы қарым-қатынастар:

Медициналық бике емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дөрекі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге тыйым салынады. Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн.

Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелеуге тыйым салынады.

Күрделі және ауырсындыратын емшараларды бастамас бұрын медбике осы емшаралардың мәнін, мағынасын және қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет.

«Медбике – емделушінің туысқандары (және жақындары)» арасындағы қарым-қатынастар:

Ұстамдылықты, сабырлықты, тыныштықты және әдептілікті сақтауы қажет;

Күрделі науқастарды күтушілерге емшара мен манипуляцияларды дұрыс орындау тәртібін түсіндіруі тиіс;

Тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы (науқастың сырқаты, болжамы жөнінде әңгімелемей, дәрігерге жолдау) тиіс;

Қойылған сұрақтарға сабырлы жауап беруі қажет, күрделі науқаста дұрыс күте білу ережелерін шыдамдылықпен үйретуі тиіс.



«Медбике-дәрігер» арасындағы қарым-қатынастар:

Сұхбаттасу кезінде дөрекі сөйлесуге тыйым салынады;

Дәрігерлік тағайындаулар уақытында нақты, нақты және кәсіби орындалуы тиіс;

Науқастың денсаулық жағдайындағы кенеттен болған өзгерістер туралы дәрігерге жедел хабар берілуі тиіс;

Тағайындалған дәрігерлік емді қолдану барысында күмән туындаған жағдайда , науқас жоқ уақытта, сыпайы түрде, осы жөнінде дәрігермен мән-жайды талқылауы қажет.

«Медбике-медбике» арасындағы қарым-қатынастар:

өз ұжымдастарымен жұмыс істеу барысында дөрекілікке, тұрпайылыққа жол берілмеуі тиіс;

Қандай да бір ескертулер, науқас болмаған уақытта, әдепті түрде айтылуы тиіс;

Тәжірибиелері мол медбикелер жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетулері қажет;

Қиын жағдайларда бірі біріне көмектесулері тиіс.



Қазақстан – 2030

Қазақстандықтардың денсаулығы, білім алуы және игілігі: азаматтардың тұрмыс жағдайы мен деңгейін көтеру, экологиялық ортаны жақсарту. Сырқаттардың алдын алу және салауатты тұрмыс салтына ынталандыру, азаматтарды салауатты тұрмыс салтын ұстауға, дұрыс тамақтану, гигиена мен тазалық ережелерін сақтауға баулу, нашақорлық пен наша бизнесіне қарсы күресу, маскүнемдік пен темекі шегуді қысқарту, ана мен баланың денсаулығын сақтау, қоршаған орта мен экологияны таза ұстау мәселелерін қамтиды.

Дүниежүзілік денсаулық ұйымының шешімімен 7 сәуір «Бүкіләлемдік денсаулық сақтау күні» деп белгіленген. Біздің елімізде де адамдардың денсаулығын сақтауға ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы қаулысымен «Салауатты өмір салтын қалыптастырудың Ұлттық орталығы» ұйымдастырылды.



Қорытынды

Қорытындылай келе, әр адамның денсаулығын сақтау өз қолында. Сол себепті ерте жастан бастап, егде жасқа дейін салауатты өмір салтын ұстанып, оны өз бойына сіңіріп, өзінен кейінгі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа, тәрбие жұмыстарын өткізу керек. Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- ❖ Интернет желісі
- ❖ www.google.kz
- ❖ www.wikipediya.com